

# АНАТДП

Үлкөн Тәзептің

1990 жылғы  
наурыздың 22-сінен  
бастап шығады

## КҮН БОЛМАҒАНДА КІМ БОЛАМ?



Демократ ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірбаянын жазуда алтын діңгек етерлік дүниелер мен алғашқы биографы – Жұсіпбек Аймауытов еді. 1926 жылы «Еңбекші қазақта» жарияланған Жұсіпбек Аймауытовтың ашық хаты бар және 1933 жылғы «Толық жинаққа» алғы сөз есебінде дайындаған, бірақ жинаққа енбей қалған.

Ж. Аймауытов 1933 жылы «Толық жинақты» даярлау барысында ақынның әкесі Әбубекірден барлық қолжазбаларының хаттарын, суреттерін, қойын кітапшаларын алған. Енді сол 1926 жылғы алғысөзде Ж.Аймауытов не дейді?

«Сұлтан Махмұт Семей губерниясы, Кереку (Павлодар) уезі Ақбеттау (бұл күнде Шидерті) болысының қазағы. Ол 1893 (жылғы) жылы октәбрдің (ескіше) 15-нде Омбыға қарайтын көшен қарауыл Шабар Шаншар деген нағашыларының ауылында туады. С.-Махмұттың ұруы Сүйіндік, Сүйіндік ішінде Айдабол.

С.-Махмұттың туған әкесі Шоқпыт қазақ кезінде бір бүйіркесінде кедей адам. Бірақ адамшылық көзімен қарағанда, әкесі де айтқанынан қайтпайтын, қайратты, құлық-сұмдықты білмейтін ақ пейіл, қанша кедейшілік, жоқшылық көрсе де, кісіден дәме қылмайтын, сұңқар табиғатты, барын кісіден аямайтын жомарт адам. Осы күні Шоқпыт 75 жаста: хат біледі.

С.-Махмұттың нағашы тегі – Қарауыл Шаншар ауылдары. Бұл түқыммен бұрыннан сүйек шатыс болған. Шоқпіттүң апасын Шабардың Қанапия деген баласы алған. Кейін Шоқпіт сол апа, жездесінің Шаншар баласы шадайдың қызын айттырып әперген.

Бір жасында Махмұттың анасы өліп, жетім қалады. Ұлы анасы Мұнтай бәйбіше бауырына салады. Қақ-соқпен, ойынмен әуесі жоқ, мең-зең, монтиған момақан Махмұт туған шешесінің мекіренген мейірімін көре алмайды. Бала күнінде Махмұт өте аңқау болды. Өгіз бұзаулап жатыр десе, нанады, Махмұт жасынан салқам болды: киімін қайда болса, сонда тастап кетеді. Өгей шешесі Махмұттың салқамдығын кейіп, ылғи ұрысқанда Махмұт көзі жаудырап, ішінен тынып, мелшип тұрады екен. Сондай жуас, сондай сүйкімді бала Махмұттың жүргегіне, бала жасынан шер байланады. Бір жағынан жетімдік шері, бір жағынан бай нағашыларының сән-салтанаты, әкесінің оларда жылқышы, атарман-шабарман болып жүргені құрбы-құрдасынан кемдігі, осының бәрі бала Махмұтты ойландырады, толғандырады.

Қайнында тұрып, азын-аулақ ораза ашар жинап алған соң әкесі туған жеріне – Баян тауына көшіп келіп, құл төгеді. Ол кезде Махмұт 5-6 жасар бала. Содан кейінгі Махмұттың ескен жері Баянауыл тауының қойнауы болады.

С.-Махмұт 6 жасар, інісі – Бәшен 5 жасар күнінде әкесінен оқып «еже» таниды. Содан кейін әкесі кейде өз үйіне жеке молда ұстап, кейде ел арасындағы молдаларға беріп, балаларын оқудан ұзбейді. 12-13 жасқа келгенде Махмұт Мұқан молдада оқиды. Мұқан молда арап, парсы икейлерін қазақшаға айналдырып, өлең қылатын, біреуді мақтап, біреуді жамандап өлең шығаратын «арқасы» бар адам болады.

Молдасына еліктеп, 13 жасар Махмұт да Сықақ өлең жаза бастайды. (бала күніндегі өлеңдері жиналмай, жоғалып кеткен).

Содан кейін Махмұт Баян қаласында медресе ашып, бала жинап жататын Абдырахмен молдадан (ел «күйеу Мағзұм» деп атайды) оқиды. Махмұт молданың өз үйінде тұрады. Сабактан босағанда, Мағзұм Махмұтқа шай қайнаттырып, отын жардырып, су әкелгізіп, малын күттіріп, малай қып алады. Сол кезден-ақ Махмұт қожа, моладалардың өтірік «әулие» болып, ел сауғанын жақтырмай, сөгіп өлең жазады, ол өлеңін молдасы көріп қойып, ұрысады, жек көре бастайды. Күйеу Мағзұмның өлеңші атаулымен жаны өш болады, оған себеп Мағзұмның бір әйелмен оқиғасы туралы Мәшіүр Жүсіп мазақтап өлең шығарып, елге таратып, масқара қылады. Мәшіүрге қарсы өлең шығаруға Мағзұмда дәрмен болмайды. Мәшіүрден кегін қалай аларын білмейді. Он болыс Сүйіндік ортасында медресе ашып, дәріс айтып, «мақамымен» елді аузына қаратқан, Шорман ауылына арқа сүйеген атақты, беделді Мағзұмның масқара болып отырғаны ма? Мағзұмның ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс емес пе? Мағзұм кәріне мінеді: «өлең жазу шариғат жүзінде арам» деп, пәтуа жариялайды. Өлең жазса, теріс батамды берем («батуға

қылам») деп Махмұтты қорқытады. Молдасына ден қойған Сұлтан-Махмұт барлық өлеңдерін отқа өртеп, қайтып қалам ұстамайтын болады. Бірақ Мағзұмнан үш жыл оқып, Махмұт шығып кетеді. Себебі: Ол күнде Шорман тұқымының балалары да Баянда жатып, Мағзұмнан оқытын. Бір күні Махмұт Шорман ауылының балалары мен бағас таластырып, бағастың аяғы керіске айналады. Жуан ауылдың балалары шағыстырады. Молда Махмұтты жатқызып қойып, дүре соғады. Негеннен тұщы етіне аңы таяқ батқан соң, Махмұт шығып кетеді.

Қандай бейнет шексе де, жолында қандай бөгет тұрса да, беттеген мақсатына жетпей тынбайтын, Махмұтта мінез бар. Махмұт тақуа болады. Тұла бойы толған тұмар, мойнында – тәспі, дуалық, аузында – зікір, күн шықпай оқығаны – намаз, саулатқаны «жасын», ол дәретсіз жер баспайды: «қари» болам деп, құранның 13 парасына дейін жаттап алады, сырлас жидастарына: «күллі денем зікір айтқандай болады» деп жүреді.

Сөйтіп жүргенде, Махмұттың 19 жасқа келген кезінде (1911 жылы) Троицкіден жаңа тәртіп пен оқып келген Нұрғали деген молданы Айман ауылы ұстап, Махмұт осы молдадан сабақ оқиды. Нұрғали – жаңа түрдің молдасы. «Тәржіман» газетін алдырып тұрады, ноғайша «пән кітаптарын оқытады. Махмұт жаңа түрде газет, кітап оқып, жағрафия, тарих сияқты пәндерден сабақ алғып, дүниенің, заманның жайымен таныс болады. Пікірі ашылып, ақыл ауданы кеңеңе бастайды. Енді ел молдасынан оқып оңбайтынына көзі әбден жетеді. Мәдениетті шет жерге барып оқуға көнілі кетеді. Надандық ұясы ескі молда мен дін оқу екенін, біліп, дуалықты, бойтұмарды сыптырып, отқа жағып, елді қараңғыға сүйрекен қожа, молда, ишандар мен жауласып, жамандап өлең шығара бастайды. Молданың өкшесі қисық десе, тамұққа кетем деп қорқытатын қара халық Махмұттың қожа, молданы нәлдеттегеніне «иманы» түршігіп, Махмұтты «қиялы», «жынды» деп, қауесет қылады. Жұрттың сөзін Махмұт құлағына да қыстырмайды, қожа, молданың айыбын айтудан тілдеуден таймайды. Надан елдің ішінде надан қожа, молда мен айтысып, өмірі босқа өтіп бара жатқанын бір ойлап, шетке барып оқыын десе, қаражаты жоқтығын екі ойлап, бір өз басының емес, бүкіл қазақ шәкіртерінің қалына қайғырып, 1912 жылы «Зарландым» деген әңгімені жазады. Біздің қолымызға түскен сөздерде Махмұттың тұңғыш әңгімесі осы. Содан бұлай Махмұт өлең жазуға бетті түзейді. Ендігі Махмұттың ынты-көнілі: құнарлы білім табуда, тапқан білімін халыққа жаюда болады да жүреді. Ол кездегі қазақ шәкіртерінің көбінесе оқу ізден баратын жері – Троицкі мен Үпі қаласы. Ұстазы, Нұрғали Троицкіден оқып келген адам. Троиц маңында қазақ елі барлығын, жаз елге шығып, бала оқытып, қаражат жинап, қос медреседе оқуға болатындығын Махмұт молдасынан сұрап, қанады. Білім сәулесіне талпынған Махмұтқа Троицк шәрі білім ордасындағы көрініп, ұйықтаса

тұсінен, оянса есінен кетпейді...

Троицкіде біраз сандалып жүріп, аяғында Махмұт «Яушов» медресесіне кіреді.

Сол медреседе оқып жүргендеге, көзіне көзгелдек (трахом) ауру пайда болып, жазылғанша келмейтін болып, медреседен шығып қалады.

Таныс адамы жоқ, қаражаты кем, әрі көз ауры дәрігерге қарата алмай, жүдеп жадайды. Оның үстіне сол кезден-ақ өкпесі дертке шалдығып, жөтел пайда болады. Ол жөтел нағашысында жатып ауырғаннан қалған сарқыншақ екенін, Троицкиден Нұрғалиға жазған хатында айтады.

Аурып, тарығып, зарығып, жүдеп жатқанда Қабиболлаұлы Лекер ұлы деген Баян ауылдық шәкірт дәрігерге апарып жәрдем етеді, дәрігер көзін сылып, жарты айдан кейін тәуір болады. Бірақ медресеге қайта кіруге қаражаты болмайды.

Елге жазған хатында «Қазақ» газеті шығатын болғанын, кейбір шәкірттер шекпеніне дейін сатып, жарна алғанын, өзі де екі сом бергенін, ел жақтан қаржы жинап жіберу керектігін жазады.

1912–1913 жылдың қысында Махмұт Жақыпов медресесінде оқып шығады. Мұсылман медресесінде білім алмайтынын сезіп, көңілі орысша оқуға кетеді. Бірақ Махмұттың жасы 20-ға келіп қалған: үлкенсініп, орыс школдары алмайды. Жалдап оқуға қаражат жоқ, Махмұт тағы дағдарады, сандалады:

Көңілім, неге қажисың?

Миым, неге ашисың?

Ой тұбіне жете алмай,

Жүректі тырнап, қасисың... деп зарланады.

Махмұтқа орысша оқу керек. Оған қаражат жоқ. Кісіден жәрдем сұрауға ол арланады. Қыс орысша оқуға, қаражат жинап алам деп, жаз Троицкі маңындағы елге бала оқытуға шығады. Ол елде уақыттың көбін кітап қарастырумен, бала оқытумен өткізеді. «Ауырмай есімнен жаңылғаным» деген әңгіме сол елде көрген оқиғадан жазылған болуы керек. Күз де жақын тағы. Троицкі қаласына келеді. Ондағы қазақ оқығандары мен таныс болады. Мұхаметжан Сералы ұлы С.-Махмұттың қаламға орайлы, пікірі – жігерлі жас екенін біліп, «Айқап» журналына хатшылыққа алады. Сөйтіп, 1913–1914 жылдың қысын «ай қап» қызметіне береді.

Махмұт «Айқап» та көп тұра-алмай шығып кетеді. Өйткені Сералы ұлымен міnezі үйлеспейді. Бұл туралы хатында: «Мен өз пікірімді дүниеге шығаруға кісі бетіне қарамадым. Махмұт қайбір адамның көңіліне қарайтын адам? Сондықтан келісе алмадым» дейді «Айқап»та тұрғанда желденіп көтерілгенін артынан өзі қатты өкінеді. «Айқап»та тұрған минуттарда бүкіл қаламға өзім ие болғандай, көтерілдім. Ойлап қарағанда ақымақтық болмаса көтерілетін не бар еді?» дейді соңғы хаттарында. Қазақ тіліндегі өлең кітаптары», «ән» жайынан жазған сөздеріне «сыртқы әсерге жеңілгендіктен, қолыман келмейтін әдебиет сынауға кірістім; осы құні өз ысыныма өзім үяламын» деуші еді

артынан. Өзі олай десе де, ол кезде өлеңнің қайткенде өнер болатынын тілді таза сақтап, бөгде тілде араластырмау керектігін айту маңызсыз да емес еді.

Сол кезде «Тентектің жиған шоқпары», «Тамшы» сөздерді жазып, бастыруға Троицкідегі Шеркесов деген бір ноғайға береді. Бұл өлеңдерінен дерек жоқ. Қазақ әкімдерінің тұрмысынан үш перделі театр кітабын жазып бітірдім» деген күнделік кітапшасында сөз бар: ол пьесаның да кімде кеткені белгісіз. Сол жылы «Қамар сұлу» деген роман, жазып Мұхаметжан Сералы ұлына бастыруға берген. (Мұхаметжанға бергеннен хабар жоқ. Біздің қолымызға өзінің қолжазбасы түсті, кей жерлері болмаса, түгелі). Сөйтіп, Махмұттың алғашқы көбірек жазған уақыты «Айқапта» тұрған жыл екен.

«Айқаптан» шыққан соң, Махмұтты Жыйаншадан Сайдалын қолына алдып, «Заман» деген журнал шығармақ. Махмұтты шығарушы қылмақ болады, бірақ «Заман» шықпайды. Жыйанша тұрғанда Махмұттың өмірі өзге жолға түседі: ол өмірін өзі былай жазады: «Енді Махмұт жігітшілік базарына түсіп кетті. Онда да саудасы жақсы жүріп, арғы шетіне барып тоқырады. Тағы Махмұт ақ жағалы, тыртима әмірге де қызықты. Құдайдың берген бір түрлі таланты оған да араласты. Жамандық дегенде «кампоньон» тұрмысында да болды. «Ресторан» «құлып», тағы кім... «хулиган» тұрмысына дейін болды. Жақсылық. Жамандық өміріне түгел араласқанда Махмұт неден кемдік көрді? Неден бармағын тістеді? Неден жузі қызарды? Егер оқыған болса, сол араласқан өмірлерінің бәрін қолында ойнататынын сезді...»

Бірақ Махмұт бұл тұрмысқа әуреленіп кетпейді. Атының басын тез бұрып алады. Ел жүртіна қызмет ету мойындағы борыш екенін естен шығармай, оған жету үшін білім керек екенін ойлап, орысша оқуға бел байлап, 1914 жылдың жазына туған еліне қайтты. Сол жолы азырақ жөтел пайда болып келеді. Әйтсе де Махмұттың бойы сергек, көнілі көтеріңкі, ойлаған мақсатына жетуге, жолында тау тұрса да, омырауымен соққандай жалындаған от болып қайтады. Туған елі өзін таныр, қаражат жинап беріп, оқуға жіберер деп, зор үмітпен келсе де, ол үміті ақталмайды. Надан ел Махмұтты танымайды: садақа, зекетін бермек болып бай ағайындары бала оқыттарады. Махмұт елдегі жастарды оқытпақ, көзін ашпақ болып шәрлі жерден көргенін істеп, «Шоң серіктігі» деп ат қойып, ағарту үйымын ашады. Бірақ ол үйымнан да берекелі іс шықпайды: үйымға қаржы жиналмайды. Елдегі жолдастары бай жерлерге баруын, жәрдем жинауын мәслихат қылады. Солардың тілімен Махмұт Шорман ауылына да барады.

Сол барғанда Садуақас әкесі Мұса мырзадан қалған женді шекпен, жанат ішік, күміс белбеу, алтын, күміс кеселерін көрсетіп, мақтаныш қылғанын жақтырмай «Бір адамға» деген өлеңді жазып кетеді.

Алыстан аңсап, зор үмітпен келген елден күш, көмек тұрсын, жылы сөз де ести алмай Махмұттың тауы шағылады: «Менің трагедиям»-ның

басталуы 1914 жылдың мартаңан былай еді. Сөне маяғаныпты көріп: «Қой, құдай ісі деп, қашақша қарап, көніл отырыстарын. Ағайын туған елімнің жерімнің көру қуаты мені түрмис сажұнағынан араламас па екен?» деп келіп едім. Жығылған үстіне де дырықтаудан басқаны сақара маған көрсеткен жоқ. «Серіктік» деген ермек тауып алғып, не сөнбек не қоймай, шала бықсып жүре беруші едім... көзін жаңа ашып келе жатқан жастарымыздың көнілі таяуланбасын деп, білдірмей, жігерлендіре беруші едік... Шорман ауылына бару бықсыған шаланы құлге көму секілді болды. Құз болды. Кісінің әрбір жанды, жансыздардың қабағы сол күздің сұық бұлты мен бір түсте еді. Жасырып бір ызғар қысуши еді. Жазғы қымыздағы менің өзіме тіл жұмсақтығының өзі кетіп қалып еді.... Елден құдер үзген соң «Ертістің сұына жетіп өлемін» деп, Махмұт Семей кетеді. Семейдің оқыған, көзі ашық азаматтары көмектесер, оқытар деп, үміт етіп күтеді. Бірақ ол ойы тағы болмайды. Семейде қорғалуға бұта тапқызбады. Оны таныған «қара таяқ» халқының қабырғалары қанша қайысқанмен, мені кеңітіп жіберуге шамалары келмеді. Неге десең, олардың өзі арқандаулы... «Қотан қарағайға кеткенім: ызаға шыдамай, ең шыңы: күн көру үшін, қолымдағы қаражатым Семейде бір-ақ ай тұруға жарайтын болды. Семей қанша айтқанымен қалалы сынды жер ғой, арасында. Арасында кем көрініп жүргенше, барықсыз қазақ арасына кетейін деп ойладым» деп жазады. Орыс школына түсуге, білім жетпейді, жалдап оқуға, қаражаты болмайды. Қайтерін білмей, сандалып жүргенде Өскемен уезінің қазағы Әbdіkәrіm Ережеп ұлы деген кісі мен кездесіп, бала оқытуға соған еріп кетеді.

Жалғыз Әbdіkәrіm ауылы болмаса, бір күн жиіркенбей кісі шыдарлық емес» деп жазады. Әbdіkәrіm заман ыңғайына түсіп, екі классты орысша-қазақша школ ашып, балаларын орысша оқытады. Махмұт сол школдың учителінен орысша оқымақ болады. Бірақ онда барған соң, Махмұттың көзі тағы ауырып, көпке дейін оқуға да, оқытуға да жарай алмайды. Көзін емдетіп тәуір болған соң Махмұт айна 7 сом төлеп, учительден сабак оқиды, әрі өзі оқытады. Орыс тілін үйренуге осынша талаптанса да, қынырақ соғады. «Қатып кеткен күнелі тілді сәби баланың шолжынына келтіру онша жеңілге соғатын емес. Бірақ талабымның талқандамайтын нәрсесі жоқтығына сеніп, іс қылышп жатырмын» дейді. Көзі жазылып, оқуға кіре бастаған соң, бір жағынан күтімі де жақсы болған соң, Махмұт көтеріледі. Ескі қазақ түрмисының тынық оқиғаларынан дерек жинап, роман жазуға кіріседі. Роман жазуға түрткі болған: сол кезде «Қазақ» газетінде Манаповтар романға бәйге тігеді. Бәйгеден Махмұт та дәмеленіп, «Ажыбай болыс» немесе «Кім жазықты» деген романды өлеңмен жазбақ болады. Бірақ ол романын Әbdіkәrіmде тұрғанда жаза алмайды. Өйткені Махмұт қағаз жүзіндегі роман емес, өмір жүзіндегі шын романға душар болады:

«Тұманды күні тұңғыық, тұпсіз асau теңізде сыннық қайық мініп, күрегінен айырылып «және әрең шықпай, қара таласқан ақынның

қолына:

Алтайдан бір тал, білмеймін  
Тұсті не қып қолыма?  
Кез қылды ма құдайым,  
Ажалсыздың жолына?  
Талдан қармалап,

Судан шықтым Аллалап – дейтін «талы» жолығады. Сол тал жолыққан соң ақынның өлген кеуде, өшкен таланттына жан кіре бастайды. Ол «талы» кім десеңіз «Ай десе, аузы, күн десе көзі бар» дегендей даланың бір еркесі еді». Ол кім десеңіз – Әбдікәрімнің Бағила атты сұлу қызы еді. Албыт ақынның асau жүргегі аруға тұтқын болады. Жас жүректің жанғанын қыз да үғады, жалынды жасқа оның да көңілі ауады, аумай қайтсін, әкесі берген қүйеуін ол сүймейді. Бірақ Махмұт секілді тамақ асырап қаңғып жүрген, салт атты, сабау қамшылы кедейге Әбдікәрім сынды, айбынды адамның қызынан да, аспандағы бұлт жуық қой. Бұл жуық екенін албырт жүрек білгізе ме? Махмұт ойға шырмалады. Алып қашу қолынан келмейді. Қемекші жоқ, қызды қимайды, сүйеді Махмұт сандалады, дағдарады. Ақырында жүрек сырын жасыруға шыдай алмайды, өзінше жол табады. Қыз бен екеуі бірін-бірі сүйетіндігін турға әке-шешесіне айтады. Өйткені Махмұт сенгіш, өзгенің жүрегін де өзімдікіндей деп ойлады, өйткені ол аңқау құлық-сұмдықты білмейді. Қызы Махмұтты сүйгенін білсе, әкесі маңдайынан сыйпамайтынын шамалаған. Сөйтіп, Махмұт қыздан тез айырылып қалуға өзі себеп болады. Әлгі сөзді есіткен соң әкесі қызын тезірек ұзатып жібереді. Бұл соққы Махмұттың жанына бұрынғыдан да жаман батады.

Бағила кеткен соң, Әбдікәрім үйіндегі өмір Махмұтқа өмір болмайды, бір қазақпен ілесіп, Зайсанға кетеді. Зайсанда Мауліт Шамсутдинов деген ноғайдікінде екі айдай жатады. Сол жатқанда да «Ажыбай болыс» немесе «Кім жазықты?» деген романын өлеңмен жазып бітіреді де «Қазақ» газеті басқармасына бәйгеге жібереді. («Қазақ» қа жібергені жоғалып кеткен, мұндағы әркімнің көшіріп алғанынан қалған жерлері, түгел емес). Әрі ауасы нашар, жайсыз үй, әрі Бағиланың қүйігі, әрі жайсыз тамақ оның үстіне сарғайып қағаз жазу себепті Махмұттың қаны азайып, жүдеп, жөтел күшнейеді, денсаулығын төмендетіп алады.

Қайғы шерін қаламымен ағытып, көңілі біраз сейілген соң, Махмұт тағы тіршілік қамына кіріседі. Тағы оқу іздейді, қаражат іздейді. 1915 жылғы Зайсандағы июнь жәрмеңкесінде Біләл мұғалім Қыдыр молда деген кісімен таныстырып, Махмұт бала оқытуға Тарбағатай тауындағы Теріс айрық болысына шығып кетеді. Бір жаз, бір қыс Құрбан қажының ауылында тұрады.

«Айтқаныңдай жарлының аузы аққа тиетін жылы жыл манадай болып, Тарбағатайдан не түрмен қайтқаны өзіне мәлім ғой» деген хаты (1916 жылы 15 ноябрьде) сол қорқынышын расқа шығарады. «Жыл мынадай» дегені – белгілі майдан жеріне жігіт алатын жарлық. «Байтал

түгілі бас қайғы» азamat басына күн туып, Сұлтанмахмұт тұрған Тарбағатай елдері Қытай жеріне ауа бастайды. «Елден жиылған малдарын ауған елде кетті» деп, «Қыдыр молда еңбек ақысын жөнді бермей қалады. Азы сегіз жүз, әйтпесе мың сом мен қайтам деп жүрген Махмұт Теріс айрықтан 220 сом мен қайтады. Оның үстіне Сұлтанмахмұттың жасыда жұмысқа дәл келіп, бас қамын іздеу керек болады. Ел аласапыран болып, Қытайға босып жатқанда, Махмұт ағұс басында Семейге келеді.

Сұлтанмахмұт Семейдің семинариясына кірем деп, талаптанады. Нұрғали Құлжан ұлы жәрдем көрсетпек болады. Бірақ оқу басталмай кетіп қалады да, Семейде жата алмай еліне барып келуге кетеді. Келсе – ел әбігер. Жігіттерді көгендей тізіп алғалы жатыр. Сұлтанмахмұт да жалғыз інісі Бәшен де майданға кетпекші, Кәрі әкесін уатып, қайтсе де біріміз қалармыз деп, школ сағаламақ болып, қайта Семейге келеді. Бірақ орыс тіліне кемдіктен, Семинарияға түсे алмайды, жалдап оқуға бір жағынан ақшасы жетпейді, бір жағынан онымен де жаны қалмайтын болады. Сонымен, Махмұт дағдарып, аяғында Томға кетеді.

Томға келген соң, «Махмұт профессорғе көрініп» 30 сом шығын қылыш ауру себепті» қара жұмысқа бармайтын болып, Томдағы студенттердің курсына кіреді. Айна 8 сом төлеп курста оқып, орта мектепке түсуге даярланады. Оқуға қатты шұғылданып кіріссе де әрлі-берлі жүріспен қаражатын азайтып алыш, қыстың қара басынан ашаршылыққа айналады. Томда тұрғандағы қал жайын Махмұттың өзіне сөйлетелік: «... Жұмасына екі ғана «әбет» етем (ет татамын), құр шай мен нан. Киім алғаным жоқ, «Киномотограф» бешірлерге бір мәртебе болсын, барғаным жоқ. Құні тұні айналдырғаным: ала жаздың беті. Әбубәкірден басқа бір тыным ақымақтық жолға кеткен жоқ. Он хат жаздым. Әбубәкірден әлі бір жауап жоқ. Мына шошқалыққа не жаның шыдар? Өз обалым өзіме! Мен оған, шәкірттік басынан кешкен деп, жұрттың бәрін сендей көріп сендім... «Қазаққа» бұл туралы жаздым. Не өнеді? 25 сомды, артынан жіберетін болған соң, үйдің экезіндегі бір зәру жұмысына қалдырып едім... неше хат жаздым, хабар жоқ. Әкем менен малын не аясын? Бірақ ел болып қорқып, атты алады, малды талады деп, қалаға қатынаспай жатыр ғой деп ойлаймын... қалым осы. Сонда да қайғырмаймын, бір тыным қалғанша оқимын. Сонан соң, тұрмыс қандай жүк салса да, көтерем, бірақ көнілім оқуда болмақ...»

Мұнда айтылған Әбубәкір – Қарқаралының бір қара таяғы.

Тарбағатайдан қайтарда Махмұттан 70 сом қарыз сұрап, бергелі тұрғанда Қапыз мұғалім түгел бергізбей қарызға 30 сом береді. Сол қарызын Әбубәкір перші зарықтырып, бермейді. Сұлтанмахмұт қаражаттан тарығып, Зайсандағы таныстарына қолхат жіберіп, қарызға ақша сұрайды. Жалғыз-ақ Қапыз мұғалім 15 сом қарыз береді. Өзге жерден жәрдем келмейді. Сол тұрмыстың нашарлығынан Махмұт қыс ортасына жетпей (ескіше 22 декабрьде), титіғы құрып, науқасқа

шалдығып, оқуға жарамай қалады. Сонда да Махмұт кітап қараудан үзілмейді. Эбубекірдегі қарызын алып, Қапыздың жәрдемі, тағы әлде кімдердің көмегі мен өйтіп-бүйтіп, 16-17 жылдың қысын сонымен өткізеді. Оқудан өзгеге бұрылмайды, ешнәрсе жаза алмайды.

Февраль төңкерісі болғанда «Мұндай заманда қазақ оқығандарының қазақ ішінде болмауы иттік» елге қызмет қыламын деп, Махмұт 10 марта Семейге келеді. Семейде қазақ жұмысын басқаруға 15 кіслік облыс комитеті сайланады. Комитетке бір мүше болып, Махмұт кіші хатшы есебінде қызметке кіріседі. Махмұт өлер-тірілерін ойламай, қызметті қызу істейді, қатардан, топтан қалмайды. Құні-тұні кеңсе қағаз жұмысынан босамайды, елдегі жолдастарына хат та жазып жатады.

«Алаш ұраны», «таныстыру» ... деген өлеңдері сол қызу үстінде жазылады. Бір жағынан Махмұт газетке де сөз жазып тұрады. Сол дүрмек пен қызумен жүріп, Махмұт науқасын мұлдем асқындырып, шыңына жеткізіп алғанын білмей қалады. Етінен айырылып, жағы суалып, көзі үңірейіп, күркілдеп жетелуге айналады. Науқасы зілді боп бара жатқан соң, жазды құні қымыз ішуге өз еліне барады.

Елде жүргенде Махмұт бойын күтіп, тағы тыныш жата алмайды. Елдегі неше түрлі қиянат, жолсыз істермен құреседі. Елде елегзіп, тұра алмайды, октябрьге қарсы тағы да салып, Семей келеді. Семейде газет қызметіне кіріспіп, бір жағынан оқуын оқи бастайды. Елге, қымызға барса да, науқасынан оңала алмайды. 4 октябрьде жазған хатында:

«Сырқатым бар. Мен тіріде адамшылығыма міндettі істемекпін.

Жеткізбесе мен жазалы емеспін» дейді. Қызметке, оқуға қанша аласұрып, талпынса да сырқаты жібермейді: «ертең 12 октябрьде Томға жүретін болдым. Бар үміттерімді қанша жимасам да, өзімді сауға есептеп, алдасам да, болмады. Жас жанымды, қызулы жүрегімді топырақ астына төсеуден қорғау жұмысына кірісу ғана қалды. Барған соң бір профессордың айтқанын қылмақпын... қандай жай болады? Құлақ түріп тұра көр... өлім деген шіркін қорқытатын...» деп, науқасы жанына батқандығын білдіреді. Том дәрігерлері оқуға да іске де жарамайсың, елде бос жүріп, бойынды күт деп, қайырады. Томнан қайтқан соң, Семей азаматтары бойын күтуге тобықты Медеудікіне жібереді. Қыс бойы бие сауғызып, қымыз беріп, Медеу қандай күтсе де, еңбегі жанбайды, оңалып кете алмайды. Елде жатса да, Махмұт газетке өлең жазып жатады. «Неге жасаймын?», «Жас жүрек» ... деген өлеңдері сол кезде жазылады. 1918 жылы апрель айында Семейге келіп, дәрігерге көрініп, науқасынан оңалмасына көзі жеткен соң, өлсем, топырағым туған жерінен бұйырсын деп, өз еліне – Баян тауына қайтады.

Бұл жолғы келгенде Махмұттың кім екенін ел таниды, оның ұлы қаламынан, Семей азаматтарына беделінен жуандар, жауыздар ығысады, жаулар, кем-кетік оны арқа-таяныш қылады. Махмұт күркілдеп, булығып отырып, нашардың дауын даулап, ақылын айтып, жөн сілтеуден қажымайды. Сол, сайлау секілді елдің іргелі жұмыстары

да Махмұтсыз шешілмейтін болады. Махмұттың турашылдығынан, әділдігінен арамзалар қамығады. Махмұт Томан, Семейден кітапты көп оқып, терең мәнді кітаптарды елде жатса да оқудан босамайды. Орысша оқуы аз болса да, жаратылысина біткен зейіні, қайраты, талабы мен орыс әдебиетін әбден түсініп оқытын болады. Шертсен, Киропоткин, Бакулинов, Толстой, Ковтиский, Пилеганов тәрізді социалшыл, анархияшыл білімдардың кітаптарын көп оқиды. Соларды оқып, білімі терендей, пікірі орныққаннан кейін тар ауданды ұлтшылдық пікірден шығып, адам баласының бақытты өмір сүруін көксеп, «кедей», «адасқан өмірді» жазуға кіріседі. Махмұт бұрынғы қызу бетінен қайтып, қазақтың жақсы-жаман мінездерін білім көзімен қарап, сынап, қазақ өмірін зерттеп үйренеді. Қазақтың ел болу, болмау нысандарын, себептерін тексереді. Бітіре алмай кеткен «Қала ақыны мен дала ақынының айтысы» осы пікірін білдіру мақсаты мен басталған еді. Қазақтың мақтаулы жақсы деген сипаттарын дала ақынына айтқызып, жаман жақтарын қала ақынының аузына салып, ақырында мәдениетті қалаға даланы жеңгізбек еді. Бірақ соңғы кезде жазғандарында науқастың салдары жеңгендіктен, көңілі бірде асқақтап, бірде төмендеп, күш пен әлсіздік, үміт пен күдік, ұлтшылдық пен адамшылдық араласып, аяғын үмітсіздікке, өлімге, көрге сарқатындық бар еді. Әлде құрт ауруы женген адамның ой жүйесі сондай бола ма, әлде дұрыс ойлап, қорытқаны-ақ сол ма әйтеуір соңғы жазғандары оқушыға ауыр әсер қалдыруы ғажап емес. Ол арасын сыншылар тексерер, біздің мақсұт қай шығармасын қандай жағдайда жазғанын көрсету.

1918 жылдың жазында өз еліндегі Мәлике деген қызға Махмұттың көңілі кетеді. Махмұт бір кетсе, қатты кетеді. Мәлиkenі жан тәнімен сүйеді. Мәлиkenі алса ауруы жазылатында көреді. Мәлике жаңа оқып жүрген, қарақат көз, жұғымды, жаңа өспірім қыз. Әкесі кедей адам. Бірақ ол қызды Махмұттың жақын жолдастары да аламын деп, көңіл етеді. Олар малды, Махмұт кедей, олар сау, Махмұт ауру, олар жасағалы отыр, Махмұт өлгелі отыр. Махмұт қатты күйінеді, қынжылады, жолдастарына өлердегі сөзін айтып, Мәлиkenі маған алып беріндер деп жалынады. Мәлиkenі оқытып жүрген, оның әкесін билетін Шериазданға жазған хатында: ... «Мен оны (М.ні) жаным-тәніммен сүйемін. Онсыз дүние – қабір. Тағдырым, жаным сенің қолында. Не жан бер, тірілт, не өлтір, шала жансар қылма мені! Сенің қолынан келіп тұр. Не десен, сол болуға бір жасымда өлген анамның сүті мен ант ішемін» деп жазады. Жолдастары Махмұтты аяйды, Мәлиkenі айттырады. Махмұт шаттанады, қуанышын қойнына сыйғыза алмайды. Семейдегі жолдастарына: «Біздің Мәлиkenің түрі сендерменің үйімнен шықпайтындық тапқан-таянғандарынды маған беретіндік деп жазады. Махмұт Мәлиkenі көргеніне мәз болады. Соның қаралдысын көрсе, өмірі өмір сияқтанады. Ол қазақша күйеу болып, иба қылуды білмейді: «Мәликежанды көрем» деп, тал түсте ата-енесінің үстінен кіріп барады.

Мәлике ауылдас ағайындарының қызы Махмұт ауылына ерке, ата-енесі үялып, үйден шығып кетеді. Махмұт бас салып Мәлиkenі сүйеді, Бірақ Мәликесін ала алмайды. Тілегіне жете алмайды.

Жаман үй, сасық ауада тұтін жұтып, бітпес дауда жүргенде, науқасы бұрынғыдан жаман күшейіп мендеп қалады. 20 жылдың апрель аяғында Махмұт жүргүгө жарамай, төсек тартып жатып қалады. Сол жатқанынан қайтып тұра алмайды.

«Тым болмаса, екі жыл түрмадым: іштегіні түгел жарыққа шығара алмай кетіп барамын» деп, арман етеді. Ең болмаса «Қала ақыны мен дала ақынын» бітіре алмағаны да өкініш болады. Сөйтіп, құрт жайлаған кеудесін қалың қайғы, ауыр арман кернеген, от жүрек жас ақын жадыраған жаздың нұр тәгілген сұлу күнінде жарық дүниеге қош айтады. Ол күн 1920 жылдың (жаңаша) 21-ші май күні еді»...

Ғасыр қойнауында жатып, бізге жеткен ақын өмірі және шығармалары қызықтырса, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының Сирек қорында түпнұсқада қалған очерктері мен кітаптары сақталған.

Келіңіз, зерттеңіз! Әр кітап пен автордың айтары бар.

Бабалар мұрасы – біздерге аманат!

**Мөлдір Төлепбай,  
ҚР Ұлттық академиялық  
кітапхана қызметкери**